

## Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия құру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық әкімдігінің қаулы. 2002 жылғы 9 желтоқсандағы N 112. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 12 ақпанда N 1106 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 17 наурыздағы N 240 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2008.03.17 N 240 қаулысымен.**

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасаудың қалалық жүйесін одан әрі жетілдіру, тұрғындар мен аумақтарды апаттардан, сұрапыл бүліншіліктерден және күтпеген қайғылы жағдаяттардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу мәселесіне жергілікті атқарушы органдардың, қалалық ұйымдардың және меншіктік нысандарына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің әрекеттерін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Курчатов қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия құрылсын (N 1 қосымша).

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия туралы Ереже бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Қала бөлімдері мен шаруашылық жүргізуші объектілердің, басшылары қажет болған жағдайда төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі тиісті салалық және объектілік комиссиялар құрсын, оларға өздері басшылық ж а с а с ы н .

4. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия туралы" қала әкімінің 1997 жылғы 10 қарашадағы N 78 шешімі күшін жойды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

6. Курчатов қалалық мәслихатына Курчатов қаласындағы Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия құрамы бекітуге берілсін.

*Курчатов қаласының әкімінің м.а.*

Курчатов қаласы әкімиятының  
2002 жылғы 9 желтоқсандағы  
N 112 қаулысына  
N 1 қосымша

**Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі  
ведомствоаралық қалалық комиссияның құрылуы туралы**

Тулеутаев ШахмұратИгембекович	Әкім орынбасары комиссия төрағасы
Аусенов ЖұмақұмарАйтказиевич	Әкім аппаратыны ТЖ және АҚ жөніндегі бас маманы м.а. комиссия хатшысы
Вакансия бойынша	Экономика, өнеркәсіп және сауда бөлімінің менгерушісі
Крешенова Галина Валентиновна	Тұрмыстық-коммуналдық бөлім бастығы м.а.
Древина Любовь Ивановна	Ауыл шаруашылық Министрлігі Курчатов аумақтық басқармасының бастығы
Тоқжігітов Серікқан Қайсымович	Қалалық полиция бөлімінің бастығы
Қажиев Қуантқан Ерғалиевич	Шығыс Қазақстан облысы ішкі істер Бас басқармасы 5 бөлім бастығы
Пашенко Нина Николаевна	Білім беру бөлімінің бастығы
Тастанбеков Хасен Сарқытович	"Қалалық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері
Сургутанов Александр Владимирович	N 48 өрт сөндіру бөлімінің бастығы
Козырев Владимир Викторович	N 61 өрт сөндіру бөлімінің бастығы
Альменов Габдильхах Сагындыкович	Ұлттық қауіпсіздік комитеті Департаментінің қалалық бөлім бастығы
Корнышев Сергей Силантьевич	3514 әскери бөлімінің командирі
Маснев Василий Афанасьевич	"Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының АҚ және ТЖ штабының бастығы
Тусупов Айғали Садықович	Ертіс өңіріндегі электр желілерін Үйлестіру жөніндегі бастығы
Асылгазинова Ләйлә Бикеновна	Қалалық санитарлық- эпидемиологиялық станциясыны бас дәрігері
Бралинова Ләйлә Каирбаевна	Курчатов қалалық қоршаған ортаны қорғау инспекциясының мемлекеттік инспекторы
Ельникова Тамара Петровна	Қалалық қаржы бөлімінің бастығы м.а.
Семенов Сергей Семенович	Қалалық телекоммуникация торабының директоры
Ковалев Владимир Васильевич	"Дегелең" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры
Демченко Николай Иванович	"Озон" Өндірістік кооперативінің төрағасы
Ставская Елена Юрьевна	Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы

Шмурыгин Василий Георгиевич	"Коммунэнерго" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының директоры
Демышев Владимир Алексеевич	"Азот" Өндірістік кооперативінің төрағасы
Гостев Геннадий Александрович	"Жолбарыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры
Бражников Николай Иванович	"Монтажник" акционерлік қоғамының директоры
Мокану Валерий Семенович	"Астра" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры
Аханов Ерлан Қантаевич	"Шаған" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры
Акимбеков Кажиақпар Баскенович	"Дегелең" станциясының бастығы
Тулақов Бейсен Қуанышқанович	Қаланың әскери комиссары
Кулешов Александр Иванович	"Балапантранс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры м.а.

**Курчатов қаласы әкімі**

**аппаратының басшысы**

Курчатов қаласы әкімиятының  
2002 жылы 9 желтоқсандағы  
N 112 қалысына

N 2 қосымша

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі  
Курчатов қалалық ведомствоарлық комиссиясы туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоарлық Курчатов қалалық комиссиясы (ары қарай комиссия) консультативтік - кеңес беруші орган болып табылады және апаттардан, сұрапыл бүліншіліктерден, күтпеген табиғи және басқа жағдаяттардан туындайтын төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі ұсыныстарды жасау мақсатында құрылған.

2. Комиссия өзінің өкілеттілігін жергілікті атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындарымен, мекемелерімен, ұйымдарымен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

3. Комиссиясының негізгі міндеттері мыналар бойынша ұсыныстар жасау болып табылады:

1) қала аумағында апаттардан, сұрапыл бүліншіліктерден, күтпеген табиғи және басқа қайғылы жағдаяттардан туындайтын төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен

ж ү р г і з у ;

2) апаттардан, сұрапыл бүліншіліктерден, күтпеген табиғи және басқа жағдаяттардан туындайтын төтенше жағдайлардан тұрғындардың, қала аумағының қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру - техникалық және басқа шаралардың жүйесін қ а л ы п т а с т ы р у ;

3) төтенше жағдайлардың алдын алу және жою күштері мен құралдарын құру мен дамыту саласында біртұтас техникалық саясатты жүргізу;

4) төтенше жағдайлардың алдын алу мен әрекет етудің қалалық жүйесін жетілдіру мен, одан әрі дамытудың негізгі бағыттарын айқындау;

5) төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрғындар мен қала аумағының төтенше жағдайлардан қорғалуына және осы бағдарламаларды орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге бағытталған мақсатты және ғылыми-техникалық қалалық бағдарламалардың жобаларын жасауды ұ й ы м д а с т ы р у ;

6) апаттардың, сұрапыл бүліншіліктердің, күтпеген табиғи және басқа кайғылы жағдаяттардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға қатысқан адамдарды әлеуметтік - экономикалық, құқықтық қорғау, медициналық сауықтыру мәселелері бойынша қалалық бөлімдері, жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіру;

7) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мәселелерінде облыстың көршілес аудандарымен, көршілес Павлодар облысы Май ауылымен, төтенше жағдайлар жөніндегі бірлескен қызметтің бағыттарын белгілеу.

4. Қала әкімінің тапсыруы бойынша комиссия мыналарға құқылы:

1) өз құзыры шеңберінде қала бөлімдерімен, төтенше жағдайды жою мен болдырмаудың қоғамдық ұйымдарында қызметтерін үйлестіру бойынша ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

2) комиссияның құзырына жататын қажетті нормативтік-құқықтық және заң актілерінің жобаларын жасауға қатысуға;

3) комиссияның құзырына жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдарының, қала бөлімдерімен, қызметтерінде және шаруашылық жүргізуші құрылымдарының лауазымды адамдарын тыңдауға;

4) жергілікті атқарушы органдарынан, қалалық бөлімдерден, шаруашылық жүргізуші субъектілерден олардың қызметі туралы комиссияның жұмысына қ а ж е т т і а қ п а р а т т ы с ұ р а у ғ а ;

5) қала кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының мамандарын (олардың басшыларымен келісіп) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мәселелері бойынша талдау, сараптау және басқа жұмыстарды орындауға тарту.

5. Комиссияның төрағасы қала әкімінің орынбасары болып табылады, оны

қала әкімі тағайындайды.

6. Комиссия өз қызметін оның төрағасы бекіткен жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырады.

Комиссияның мәжілістері қажетіне қарай, бірақ тоқсан сайын бір рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Комиссия мәжілістерінің аралығында шешімдерді оның төрағасы немесе оның орынбасары қала аумағында орындалуға міндетті тиісті нұсқаулар мен тапсырмалар түрінде қабылдайды.

7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз ету қала әкімі аппаратына жүктеледі.

8. Қала әкімінің шешуін талап ететін мәселелер бойынша Комиссия белгіленген тәртіппен тиісті ұсыныстар енгізеді.

9. Өз құзырына сәйкес комиссия қабылдайтын шешімдер ұсыныстық сипатқа ие.

10. Комиссия өзі қараған және шешкен неғұрлым маңызды мәселелер бойынша қала әкімін хабарландырып отырады.

*Курчатов қаласы әкімі  
аппаратының басшысы*